

Хаттама № 8

«Тасарык» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2023 жылдың 31 мамыр күні кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-40

Қатысқаны-36

Дәлелді себептермен қатыспағаны-4

Күн тәртібінде:

1. ІҮ оқу тоқсанындағы және жылдығы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы /Б. Аханова, С. Кәрібай/
2. 2022-2023 оқу жылында 1-10 сынып оқушыларын сыныптан –сыныпқа көшіру, 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға жіберу туралы /Б. Аханова, сынып жетекшілері/
3. 9 сынып бітірушілерін «Үздік аттестатқа» және 11 сынып бітірушілерін «Үздік аттестатқа» ұсыну туралы. /Б. Аханова, сынып жетекшілері/
4. Оқушылардың каникул кездеріндегі өмір қауіпсіздігі және олардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы. /С. Кәрібай, А. Аханов/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова шығып ІҮ оқу тоқсанындағы және жылдығы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы баяндады. 2022-2023 оқу жылында жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Кестеге бойынша сабақтар мен мектепшілік өткізілетін шаралар уақытында кестеге сәйкес өткізілді. Сапалы білім беруді тиіақты басқару мәселесі- әрбір мектеп үшін, әрбір мұғалім мен мектеп басшысы үшін өзекті мәселелердің бірі. Білім беруді тиіақты басқару, мектеп директорының басқару іскерлігіне, оқу ісі орынбасарының ұйымдастыру біліктілігіне, мұғалімдердің әдістемелік шеберлігіне, олардың оқыту ісін тиімді ұйымдастыру тәжірибесіне байланысты. ІҮ оқу тоқсанында мектептегі апталық барысында өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар уақытында талданып ұсыныс пікірлер білдіріп, үздік сабақтарды баспа беттеріне жариялауға ұсыныс айтылды. Оқу жылы барысында аудан көлемінде өткізілген спорттық сайыстарда оқушылар АӘД пәнінен аудан көлемінде жүлделі орын иеленді. Мұғалімдер аудан көлемінде өткізілген семинарларға қатысып өзара тәжірибе алмасты. Оқу жылы барысында өткізілген пәндік олимпиадалар бойынша биылғы оқу жылында екі оқушы орын алса бір оқушы алғыс хат иеленді. Ғылыми жобадан жүлделі орын иеленіп облысқа жолдама алдық. Авторлық бағдарламадан 2 орын иеленді. Былтырғы оқу жылына қарағанда биылғы оқу жылында ізденіс бары қуантады.

Тәрбие саласы бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай өз сөзінде егемен еліміздің ертеңгі тірегі болар, болашақтың іргетасын қалар жас ұрпақты сапалы білім нәрімен сусындатып қана қоймай, саналы тәрбиемен де қаруландыруымыз қажет екенін айта келе мектебіміздегі ұйымдастырылған іс-шаралармен таныстырды.

2022-2023 оқу жылында МАД ты қоса алғанда жалпы 12 сынып толығымен ашылды. Сынып жетекшілер саны – 11 және 1 тәрбиеші. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары 8 бағыты бойынша толық жасалды. Оқу жылының басында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жалпы мектепшілік жұмыс жылдық жоспары бойынша жүргізілді.

05.04.күні 5-6 сыныптардың сынып жетекшілері Рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша «Адамды адам ететін де, сұлтан ететін де- адами қасиет» тақырыбында сынып сағаттарын өтті

09.04.ж. күні АӘД пәнінің мұғалімі Н. Әбжәли 10-11сынып Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбиесі бойынша «Ұранды елдің-ұрпағы қайсар» әскери патриоттық сабағын жүргізді.

25.04-01.05күндері аралығында қазақ тілі мамандары А.Жарболова және Ә. Ұзақбай «Қазақстан-көпұлтты мемлекет» тақырыбында эссе байқауын өткізді

28.04 күні 1-4 сыныптардың сынып жетекшілері «Бейбітшілік ел тірегі» атты сынып сағаттарын жүргізді

29.04 күні 5-8 сыныптар арасында «Қазақстан халқтарының бірлігі» тақырыбымен сынып сағаты өтті

30.04 күні 9-11 сыныптармен «Татулық –достықтың киелі бесігі» сынып сағаты өтті.

10 сыныптың сынып жетекшісі «Ынтымағы жарасқан елміз» тәрбие сағатын өткізді

01.05 күні Әлеуметтік желілерде 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күнін насихаттап суреттер жариялау, өлең, жыр, құттықтаулар, бейнеролик жариялады.

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 1-4 сынып оқушылары арасында сурет салу сайысын ұйымдастырды

5.05. күні «7 мамыр-Отан қорғаушылар күні» тақырыбында 1-11 сынып жетекшілері сынып сағаттарын өтті

6.05. күні «Елге сіңген-ер еңбегі» тақырыбында атаулы бөлмелер ашылып, пайдалануға берілді.

5-9 күні мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай кітапханашы кітап көрмесін ұйымдасты

5.05.күні 7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай АӘД пәнінің мұғалімі Н. Әбжәли патриоттық видеороликтер көрсетіп, видеороликтер мен таныстырды

8.05. күні 1-11 сыныптың сынып жетекшілері Ұлы Жеңістің 76 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс-Ұраным» тақырыбы бойынша сынып сағаттарын ұйымдастырды.

4-7.05 күні Ұлы Жеңістің 76 жылдығына орай 1-4 сынып оқушылары арасында сурет көрмесі көрме өтілді

5-9.05күндер аралығында «Менің атам-ардагер» тақырыбында пед ұйымдастырушы (әлеуметтік желілерде майдангер аталарының ерен ерлігін насихаттап суреттерін, медальдарын жариялау, өлең арнау бейнеролик пен челлендж жасады

10-14 күндері ұлттық тәрбие бағыты бойынша 1-11 сыныптар арасында Ұлтымыздың тарихи, мәдени құндылықтары жайлы не біліміз? Тақырыбында іс-шараларөтілді.

Халықаралық Отбасы күні аясында құрылған «Отбасы – бақыт мекені» іс – шаралар жоспары құрылды жоспар бойынша іс-шаралар жүргізілді.

31.05 күндері 1-11 сыныптар арасында «патриотизм, отансүйгіштік, саяси қуғын сүргінге құрбандарын еске алу» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді

01.06 «Сыңғырла соңғы қоңырау!» тақырыбымен 11 сыныптарға қауіпсіздік шараларын сақтай отырып мектеп ауласында өткізіледі деп жоспарлап отырмыз.

Ата-анамен жұмыс барысына тоқталар болсам: Ата-аналар арасында бала тәрбиесіне деген көңіл бөлу міндеттерін арттыру. Балалардың салауатты өмір сүруіне ықпал етуге, ата- анамен мектеп ұжымы арасындағы байланысты шараларды нығайту. Мектеп бойынша ата-аналар кеңесі, комитеті құрылған. Ата-аналар кеңесі 7 адамнан тұрады. Кеңес мүшелері арасында атқаратын жұмыс үйлестірілген. Әр тоқсан сайын жалпы ата –аналар жиналысы өткізіледі. Жыл бойы ата-аналар арасында баяндамалар оқылып, ата-аналар арасында бала тәрбиесіне байланысты сауалнамалар жүргізіледі. Әр айдың үшінші аптасында ата-аналар үшін «Ашық есік күндері» ұйымдастырылды.

2022 -2023 оқу жылында тәрбие саласы бойынша өткізілген іс-шараларды қорытындылай келе, жіберілген кемшіліктерді ескере отырып жаңа оқу жылына төмендегі жаңа міндеттерді алға қоямын:

- Сыныптан тыс өткізіліп жатқан іс -шараларға оқушылардың толық қатысуын қамтамасыз ету;
- Үштік қоғамдық ұйым, ата-ана,мұғалім, оқушы үнемі байланыста тығыз қарым-қатынаста болуын қадағалау;

- Аталар, әжелер, әкелер, аналар мектебін жандандыру.
- Терорризм және жалған ақпарат беріу туралы жұмыстарды жандандыру.
- Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға және қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауға және мәдениеттілікке үйрету;
- Қыздар және ұлдар ұйымының жұмысын жан-жақты жандандыру
- Сынып жетекшілердің жұмыс жоспарын жүйелеу
- Құқықтық тәрбие бойынша жұмыстарды назарға алу
- Ақысыз үйірме бойынша жұмыстарды назарда ұстау

Жазғы каникул кезінде түнгі уақытта көшеде жүрген, ересек адамсыз суға шомылуға барған оқушыларды қауіпсіздік үшін қадағалау керек екенін ата-аналарға ескертіп қолхат алыну керек.

Ұсыныс: 2022-2023 оқу жылының бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағаланса, алдағы 2023-2024 оқу жылында «Нысаналы сыныптар» айқындалып, пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарларының жобасын жасау бірлестік жетекшілеріне міндеттелсе.

Жазғы каникул кезіндегі құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша яғни оқушының түнгі көшеге шығу, ересек адамдарсыз қауіпті жерлерге баруы (көл, қармақ салу т.б) сияқты баласының қауіпсіздігіне байланысты ата-аналарға түсініктеме жұмыстарын жүргізіп, жадынама тарату сынып жетекшілерге міндеттелсе.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова өз кезегінде 2022-2023 оқу жылында 1-8,10 сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру, 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы баян етті. ІУ оқу тоқсанын 104 оқушымен бастап, 104 оқушымен аяқтадық. Токсандық қозғалыс бойынша 2 оқушы денсаулығына байланысты емделіп жатыр. Токсандық үлгерім:

1-сынып бойынша - үлгермеуші оқушы жоқ.
 2- сынып 13 оқушы- 7 үздік, 1 екпінді – білім сапасы 61 пайыз
 3- сынып 9 оқушы 3 үздік, 4 екпінді – білім сапасы 63 пайыз
 4- сынып 8 оқушы 3 үздік, –2 екпінді 62 пайыз
 5- сынып 11 оқушы 3 үздік, 4 екпінді 63 пайыз
 6- сынып 8 оқушы 4 үздік, екпінді жоқ 50 пайыз
 7- сынып 8 оқушы 3 үздік, екпінді жоқ 38 пайыз
 8- сынып 8 оқушы 2 үздік, 2 екпінді 50 пайыз
 9- сынып 10 оқушы 3 үздік, 2 екпінді 50 пайыз
 10- сынып 8 оқушы үздік жоқ, 5 екпінді 62 пайыз
 11- сынып 6 оқушы 4 үздік, 2 екпінді – білім сапасы 100 пайыз
 Үздік оқушы 32 үздік, 20 екпінді -білім сапасы 60 пайыз. Жылдық бойынша «Үздік» оқушылар саны 33, екпінділер саны 21 оқушы болды.
 «Тасөткел» бастауыш мектебі- 5 оқушы үздік оқушы саны біреу, екпінді оқушы біреу білім сапасы 66 пайыз.

1-8,10-сынып жетекшілері педагогикалық кеңестен оқушыларды сыныптан-сыныпқа көшіру туралы, 9,11-сынып жетекшілері бітіруші сыныптарды мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберу туралы ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ ерекше білім беруге қажеттілігі бар 9-сынып оқушысы Әмірбек Батырбек Болатбекұлы денсаулығына байланысты мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан босатылып, келесі сыныпқа көшірілетіндігі айтылды

Ұсыныс: 1-8,10-сынып оқушылары сыныптан-сыныпқа көшіріліп, ерекше білім беруге қажеттілігі бар 9-сынып оқушысы Әмірбек Батырбек Болатбекұлы денсаулығына байланысты мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан босатылып, 9,11-сынып бітірушілері мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберілсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова шығып 2022- 2023 оқу жылының аяқталуына орай негізгі, жалпы орта білім

туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін барлық пәндерден «5» болған 9-сынып бітірушілерін «Үздік аттестатқа» және 11-сынып бітірушілерін «Үздік аттестатқа» ұсыну туралы айтып өтті.

2022-2023 оқу жылының аяқталуына орай негізгі, жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін барлық пәндерден «5» болған 9-сынып бітірушілері Құттыбай Аружан, Сұраған Дильназ. «Үздік аттестатқа», сондай-ақ 11-сынып бітірушілері Сәрсенбай Серікбол, Қарлыбай Меруерт, Ерғали Ринат, Өмірбек Дархан «Үздік аттестатқа» ұсынылса. Бұл оқушылар барлық пәннен «бестік» бағаға оқуымен қатар мектепшілік түрлі шараларға белсене араласып, аудандық, облыстық түрлі спорттық сайыстар мен ғылыми жобаларға, олимпиадаларға қатысып, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытты.

Ұсыныс: 2022-2023 оқу жылының аяқталуына орай негізгі, жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін барлық пәндерден «5» болған **9-сынып бітірушілері:**

1) Құттыбай Аружан Ақылбекқызы; 2) Сұраған Дильназ ; «Үздік аттестатқа»,

11-сынып бітірушілері:

1) Сәрсенбай Серікбол; Қарлыбай Меруерт; Ерғали Ринат; Өмірбек Дархан; «Үздік аттестат» ұсынылса.

Келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай сөз алып оқушылардың мектеп жанынан құрылған тынығу лагері, каникул кездеріндегі өмір қауіпсіздігі және олардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы баяндады. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, денінің саулығын арттыруға жағдай жасау мақсатында оқушылар үшін қала сыртындағы және мектеп жанындағы сауықтыру ұйымдарының жазғы сауықтыру лагері жұмыстары ауысым бойынша ашылған.

Мектебіміздің жанынан құрылған «Балдәурен» тынығу лагеріне 1-маусымнан бастап, әлеуметтік топтағы 30 бала қамтылып, өз жұмысын бастайды. Мектеп жанындағы лагерьде, лагерь директорымен бірге 8 педагог, медбике, аспазшы, тазалықшы 11 қызметкер жұмыс жүргізетін болады. Жазғы тынығу лагерінде жоспарға сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазалы қаласындағы «Шағала» тынығу лагеріне 7 ауысым бойынша жеті оқушымыз демалатын болады. Балалардың өмір жол қауіпсіздігіне жауапты мамандар бекітіліп, жауапкершілігі таныстырылды. Жазғы демалыс кезінде ата-аналарға балалардың өмір қауіпсіздігі ескертіліп, жаднамалар таратылып берілді. Мектеп лагері – белсенді демалыс аймағы, насихаттық, дидактикалық мектеп әрекетінен өзгеше әртүрлі қоғамдық мәні бар бос уақытты өткізу орны. Лагерь – кез келген балаға өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді.

Ұсыныс: «Шағала» тынығу лагеріне балалардың құжаттарын талапқа сай әзірлеп, қатыстыру, олардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілігін ата-аналарға түсіндіру әлеуметтік педагог А.Ахановқа міндеттелсе

Шығып сөйлеушілер:

1. **МАД тобының тәрбиешісі- Ж. Исатаева:** Биылғы оқу жылы өз жоспарына сәйкес, жауапкершіліктермен, сондай-ақ өзіндік қиыншылықтарымен де өтті деп ойлаймын. Ал 9,11-сынып бітірушілерінен ерекше көзге түсіп, жақсы оқуымен, үлгілі тәртібімен ерекшеленген оқушылар «Үздік аттестатқа» ұсынылса мектеп ұжымы үшін абырой, оқушылардың жақсы оқуы үшін үлкен мотивация, серпін береді деп ойлаймын.
2. **Физика пәнінің мұғалімі- К. Қалекеева:** 2022-2023 оқу жылының жақсы аяқталуына, қорытынды емтихандардың талапқа сай өтуіне сәттілік тілеймін. ҰБТ-тен өз деңгейлерінде, жоғары балл жинауына тілекшімін. Ал енді ерекше білімі, тәрбиесі, тәртібімен ерекшеленген үздік оқушыларымызды «Үздік аттестатқа» ұсынылса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл оқушылар шынымен де осы мектеп қабырғасында жүрген өзге оқушылардан оқ бойы озық болып, дарынымен дараланды. Ұстаздардың сенімін ақтайды деп ойлаймын.

3. АӘД пәнінің мұғалімі- Н. Әбжәли: 2022-2023 оқу жылында өз пәнімнен түрлі сайыстарға оқушы қатыстырып, өзім де бағымды сынадым. Біршама ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелерім де бар. Бірақ алдағы уақытта тағы да ұштала түсеміз деген сенімдемін. «Үздік аттестатқа» үміткерлер қорғап, сенімді ақтаса деген пікірдемін. Бітірушілеріміз ҰБТ-дан жоғары балл жинап сәтті аяқталып, келесі оқу жылы қуанышпен басталуына тілектеспін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылының бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын, келесі 2023-2024 оқу жылында «Нысаналы сыныптар» айқындалып, пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарларының жобасын жасау бірлестік жетекшілері Ж.Биманова, Н.Әбдімұратов, Ә.Ұзақбай, Ә.Каримоваларға міндеттелсін.
2. 1-8,10-сынып оқушылары сыныптан-сыныпқа көшіріліп, ерекше білім беруге қажеттілігі бар 9-сынып оқушысы Әмірбек Батырбек Болатбекұлы денсаулығына байланысты мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан босатылсын және 9,11-сынып бітірушілері мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберілсін.
3. «Шағала» тынығу лагеріне балалардың құжаттарын талапқа сай әзірлеп, қатыстыру, олардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілігін ата-аналарға түсіндіру әлеуметтік педагог А.Ахановқа міндеттелсін.



Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Ә. Кеулімжай

Хатшы:

А. Жарболова